

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАЗПОТРЕБСОЮЗА
KARAGANDA UNIVERSITY OF KAZPOTREBSOYUZ



KAZPOTREBSOYUZ
UNIVERSITY
—SINCE 1966—



ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ И ЕЕ ВКЛАД В ПОВЫШЕНИЕ ОБЩЕЙ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ

*Материалы международной
научно-теоретической конференции,
посвященной Дню независимости
Республики Казахстан*

Караганды, 2025

УДК 378
ББК 74.58
И 73

Руководители редколлегии:

Главный редактор Аймагамбетов Е.Б – председатель, доктор экономических наук, профессор, ректор Карагандинского университета Казпотребсоюза

Заместитель главного редактора Сихимбаев М.Р. – зам. председателя, доктор экономических наук, профессор, проректор по научной работе и инновациям Карагандинского университета Казпотребсоюза

Члены редколлегии:

д.ю.н., профессор Т.А. Ханов, д.ю.н., профессор Т.К. Акимжанов, д.ю. н., профессор Қ.А. Бакишев, д. ю. н., профессор Т.С. Волчецкая, д.э.н., д.э.н., профессор Д.Р. Сихимбаева, к.т.н., доцент А.В. Баширов, к.э.н., доцент Н.Д. Кенжебеков.

Интеграция науки и образования в условиях инновационного развития и ее вклад в повышение общей антикоррупционной культуры молодежи: Материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной Дню независимости Республики Казахстан, 13 декабря 2024 года / Под общ. ред. д.э.н, проф. Е.Б Аймагамбетова и д.ю.н., проф. Т.А. Ханова. – Караганды: КарУ Казпотребсоюза, 2025. – 894 с.

ISBN 978-601-235-717-2

В сборнике опубликованы материалы, представленные на международную научно-теоретическую конференцию «Интеграция науки и образования в условиях инновационного развития и реализации целей устойчивого развития», посвященную Дню независимости Республики Казахстан, которая состоялась 13 декабря 2024 года в онлайн-формате на базе Карагандинского университета Казпотребсоюза.

Издание предназначено для научных работников, преподавателей, докторантов, магистрантов и студентов вузов, в том числе юридических специальностей.

Отпечатано с авторских оригиналов.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-235-717-2

© Карагандинский университет Казпотребсоюза, 2025
© Коллектив авторов, 2025

93.	КАНАФИН А.Б., ӨЗБЕКОВ Д.Ө. АДАМ ҰРЛАУДЫҢ ҚЫЛЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ	448
94.	ҚАРЖАСОВА Г. Б., БИРМАНОВА А. И., АХМЕТОВА А. А. АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМСЫЗ ЕТУМЕН ҚОРҒАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕТІКТЕРІ	453
95.	КАСИМОВА Г.А., ЮЛДАШЕВА Н.В. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ В СОСТАВЕ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ	457
96.	КЕНЕСБАЕВА А. К. МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ	462
97.	КЕНЖЕБАЕВА Г. Д. СИНГАПУР БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	469
98.	КЕНЖЕБЕКОВ Н.Д., КАБДЫБАЙ А.К. ЭТАПЫ ПОСТРОЕНИЯ ТРАНСГРАНИЧНЫХ ХАБОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	472
99.	КЕНЖЕБЕКОВ Е. ОРАЗБАЕВА А. О ВЗАИМОДЕЙСТВИИ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В СЕЛАХ РК (НА ПРИМЕРЕ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ)	476
100.	КИЛИБАЕВА А. Ж. АНАЛИЗ ПРАВ НА АРЕНДНОЕ ПОЛЬЗОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫМ УЧАСТКОМ В РК	480
101.	КИСЕЛЕВА Е.Н., РЕШЕТНЯК Е.Н., КОСЕНКО И.А. ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ ПОТРЕБИТЕЛЬСКОЙ КООПЕРАЦИИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ	487
102.	КОГУТ О.Ю., АРЫСТАМБАЕВА А.З. АГРОӨНЕРКӘСПТЕГІ БЮДЖЕТТЕУ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	491
103.	КОЖАХМЕТОВА С.И., УЛАКОВ С.Н. ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ ЕГО ЭФФЕКТИВНОСТИ	496
104.	КОППАЕВА А.Ш. ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА В РАЗВИТИИ ОЦЕНКИ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ	501

АГРОӨНЕРКӘСІПТЕГІ БЮДЖЕТТЕУ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Когут О.Ю.

*PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доцент м.а.*

Арыстамбаева А.З.

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
докторанты*

Аңдатпа: Агроөнеркәсіп – бұл ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен оларды тұтынушыларды тікелей байланыстырушы ұйымдар кешені. Тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз етуде де агроөнеркәсіптің алатын орны мен атқаратын рөлі өте жоғары бағаланады, себебі бірнеше даму мақсаттарының талаптарын қанағаттандырады. Осы орайда бюджеттеудің агроөнеркәсіптің экономиканың тұрақты дамуына ықпалын бағалау мәселесі өзекті болып табылады.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіп, тұрақты даму, бюджеттеу, бизнес-модель, залалсыздық.

Агроөнеркәсіп те өзге салалар сияқты өздерінің позицияларын нығайту және әлемдік аренада тартымдылықты арттыру үшін қызметін тұрақтандыруға ұмтылуда, осы мақсатта Тұрақты даму жағдайындағы қаржылық есептіліктерін жариялайды. Мұндай есептілік мүдделі тараптарға (акционерлерге, инвесторларға, клиенттерге, қызметкерлерге, мемлекеттік органдарға және т.б.) Кешеннің стратегиясы, тәуекелдерді басқару, оның қаржылық, әлеуметтік және экологиялық нәтижелерін, болашақ жоспарларын қоса алғандағы қызмет нәтижелері туралы толық ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді.

Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз ету және компанияның әлемдік аренадағы тартымдылығын арттыру мақсатында тұрақты даму жағдайындағы есептілікті ұсыну мақсатында ұйымның тәуекелдерін басқарудың өсіп келе жатқан маңыздылығын ескере отырып, осы екі мәселені шешудегі басқару есебінің рөлін дұрыс бағалауымыз қажет.

Тұрақты даму жағдайындағы ұйымдардың стратегияларын белгілеу, тәуекелдерін анықтау және оны басқарудағы Басқару есебінің орнын айқындау арқылы «Тұрақты даму» және «Тәуекелге негізделген әдістеменің» мазмұнын түсінуге болады. Осы орайда тұрақты дамудың 12-мақсаты «Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету» бойынша 2030 жылға дейін келесі шаралар жоспарланған (кесте 1) [1].

1-кесте

№	Бағыты
12.1	Барлық елдердің қатысуымен тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдерін пайдалануға көшу жөніндегі онжылдық іс-қимыл стратегиясын жүзеге асыру, бұл ретте дамыған елдер дамушы елдердің дамуы мен әлеуетін ескере отырып, оған бірінші болып кірісуі тиіс
12.2	2030 жылға қарай табиғи ресурстарды ұтымды игеруге және тиімді пайдалануға қол жеткізу
12.3	2030 жылға қарай жан басына шаққанда бөлшек және тұтыну деңгейлеріндегі тамақ қалдықтарының жалпы әлемдік мөлшерін екі есеге қысқарту және өндірістік-өткізу тізбектеріндегі азық-түлік шығындарын, оның ішінде егін жинаудан кейінгі шығындарды азайту
12.4	2030 жылға қарай химиялық заттарды және олардың бүкіл өмірлік циклі бойынша барлық қалдықтарды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай азайту

12.5	2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін едәуір азайту
12.6	Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге кеңес беру
12.7	Ұлттық стратегиялар мен басымдықтарға сәйкес мемлекеттік сатып алудың экологиялық тәжірибесін қамтамасыз етуге жәрдемдесу
12.8	2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі адамдардың табиғатпен үйлесімді тұрақты даму және өмір салты туралы тиісті ақпарат пен ақпаратқа ие болуын қамтамасыз ету

Дүние жүзіндегі тұтыну мен өндіріс – әлемдік экономиканың қозғаушы күші – планетаға әлі де жойқын әсер ететін табиғи орта мен ресурстарды пайдалануға негізделген.

Ендігі кезекте басқару есебінің қаншалықты осы мәселелерді шешу құралы бола алатындығына көшетін болсақ, алдымен басқару есебі қандай мәселелерді қарастырады (1-сурет) [2].



1-сурет – Басқару есебінің көмегімен шешілетін негізгі мәселелер

Бұл мәселелерді шешудің нұсқалары отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінде қарастырылады. Алайда, жақын болашақта басқару есебі тұрақты даму туралы есептілікті және интеграцияланған есептілікті, сондай-ақ олардың сенімді ақпараттық базасын дайындау үшін қажетті деректердің түсуінің маңызды арнасына айналады.

Ұйымның тұрақты дамуы үшін оның тиімді бизнес-моделі болуы керек, яғни фирманың пайда табуы мен құнын арттыру әдісе қол жеткізуі қажет [4].

Отандық Басқару есебі мен талдауы пайданы талдау кезінде бірінші ретті факторлар болып табылатын кірістер мен шығыстар арасындағы нақты тәуелділікті көрсетеді. Екінші ретті факторлар өнімнің бағасы және сату көлемі (оның ішінде ассортимент), сондай-ақ

шығындар болып табылады. Үшінші деңгейдегі факторларды (кіріске әсер ететін) талдау олардың нәтижелі көрсеткішке әсерін бағалау тетіктерінің болмауына байланысты қазірдің өзінде қиын (мысалы, жеңілдіктер деңгейі мен сату көлемінің өсуін қалай салыстыруға болады).

Ұйымның бизнес-моделі оның түпкілікті нәтижесіне әсер ететін әртүрлі факторлардың өзара ықпалдасуын сипаттайды. Бұл жағдайда аталған факторларды нақты сандық және/немесе құндық мәнде көрсету әрдайым мүмкін бола бермейді. Ұйымның тиімді бизнес-моделін айнымалылардың нақты белгіленген саны бар детерминирленген факторлық модель арқылы ғана құру мүмкін болмайды. Оны құру барысында стохастикалық қатынастарды математикалық модельге енгізу тәсілдері қолданылуы керек. Сәйкесінше, «Бюджеттеуге» қатысты отандық басқару есебінің басты мәселелерінің бірі модельге тек детерминирленген байланыстарды ғана енгізумен байланысты, сондықтан да құрылған болжамдар шындыққа сәйкес келе бермейді [5].

Басқару есебіндегі стратегиялық жоспарлау мен бюджеттеудің негізгі мәселесі – өнімге деген сұранысты болжауда бүгінгі күнгі бағаны пайдалану. Бұл мәселені шешу үшін тек басқару есебі ғана емес, одан басқа ғылымдар өзара әрекеттеуі қажет болады, айталық ол маркетинг, ол баға белгілеу негіздері, тіпті психология. Бірақ ірі бизнес бұл мәселеге қарама-қарсы жағынан қарайды: олардың мақсаты тұтынушыны белгіленген бағамен өнімді сатып алуға қайткен күнде де мәжбүрлеу.

Рентабельділікті арттыру үшін кәсіпорындар бюджеттеу жүйесін ұйымдастырады. Кірістер мен шығыстарды басқару жүйесінің негізгі мақсаты жалпы шаруашылық шығыстарды қоса алғанда, өндірістік қызметтің кірістері мен шығындарын жоспарлау және бақылау арқылы кәсіпорын қызметінің алдағы жылға арналған жоспарлы бақылау көрсеткіштерінде белгіленген көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Бюджеттеу басқару құралдарының бірі болып табылады, оны қолданудың сауатты тәсілімен кәсіпорынға өзінің басым мақсатын орындауға және қаржы ағындарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бюджеттеудің негізгі міндеті-бүкіл кәсіпорынның немесе оның жекелеген бөлімшелерінің жоспарларын қалыптастыру. Жоспарларда өндірістік және басқа да объектілерде орындауға жоспарланған іс-шаралар, сондай-ақ оларды орындауға арналған шығындардың құндық бағасы көрсетіледі. Кәсіпорын бюджеті-бұл оның кірістілігін бағалау үшін барлық болжамды кірістер мен шығыстардың тізімі мен талдауы. Бюджеттерді дайындау кезінде менеджерлер өте мұқият болуы керек, өйткені оны жасау үшін ақпараттың үлкен көлемін зерттеу және бірқатар талдаулар қажет.

Кәсіпорындар әдетте жоспарлау процесінің бірнеше кезеңдерін орындайды, олар мыналарды қамтиды [6]:

- кәсіпорынның миссиясы мен мақсаттарын талдау;
- тиімдірек жұмыс істеу үшін жаңа мүмкіндіктерді анықтау;
- экономикалық ресурстардың қолжетімділігін анықтау;
- әрбір бизнес-процесс үшін бюджет құру;
- жоспарды бақылау және түзету.

Басшылар бұл қадамдарды олардың кәсіпорны бизнес ортасында қол жеткізуі керек мақсаттар мен міндеттерді мұқият жоспарлау үшін пайдаланады.

Басқару жүйесіндегі бюджеттеудің рөлі мен орнын анықтауда келесі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- басқару есебінің элементі ретінде бюджеттеу;
- бюджеттеу жоспарлаудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде;
- бюджеттеу бақылау құралы ретінде;
- қаржылық басқару әдісі ретінде бюджеттеу;
- жалпы басқарудың әмбебап құралы ретінде бюджеттеу.

Жоспарлау функциясы ең маңызды болып табылады, өйткені бюджеттеу ішкі жоспарлаудың негізі болып табылады. Кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына сүйене отырып, бюджеттер кәсіпорынның иелігіндегі қаржылық ресурстарды бөлу міндеттерін

шешеді. Бюджеттерді әзірлеу кәсіпорынның таңдалған перспективаларына сандық сенімділік береді, барлық шығындар мен нәтижелер ақшалай мәнге ие болады. Бюджеттеу кәсіпорындағы мақсатты дұрыс және нақты анықтауға, бизнес стратегиясын жасауға ықпал етеді. Бюджет – бұл оның қызметін бақылау кезінде қолданылуы керек көрсеткіштер немесе критерийлер жиынтығы. Нақты деректерді жоспарлы көрсеткіштермен үздіксіз салыстыру арқылы кез-келген кезеңдегі қызметті бағалауға болады. Бюджеттік жоспарлау қызметтің бюджет болжағанынан ауытқуын анықтауға және әрекеттерді түзетуге мүмкіндік береді. Бұл бюджеттің бақылау функциясы. Бұл ретте әрбір кәсіпорынның қаржылық жоспарлау объектісіне, қаржылық және қаржылық емес мақсаттар жүйесіне байланысты бюджеттеудің өзіндік функциялары болуы мүмкін. Сондай-ақ, басқару технологиясы ретінде бюджеттеу өзінің мақсаттарын, құралдары мен тәсілдерін жүзеге асыра алады.

Бюджеттеудің негізгі мақсаты – өндірістік коммерциялық процесті көлемі бойынша да, құрылымы бойынша да қажетті ақшалай ресурстармен қамтамасыз ету. Бюджеттерді әзірлеу кәсіпорынның таңдалған перспективаларына сандық сенімділік береді.

Ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету әдістері ұсынылған (сурет 2) [7].



2-сурет – Ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету әдістері

Ұйымның тиімді бизнес-моделінің келесі мәселесі – әлеуметтік және экологиялық мәселелер жоспарлар мен есептіліктерде көрсетілмейді, өйткені назар пайда табуға, тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталады. Табиғи ресурстардың шектеулі болуы, адамзаттың өндірістік қызметінің үнемі артуы осы ресурстарға ұқыпты қарау мәселесін тудырады. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары да ұйымның осы салаға қатысты іс-шараларының нәтижелілігін көрсетуді талап етпейді. Яғни, аталған іс-шараларға қатысты шығындар туралы ақпаратты тек бухгалтерлік есеп жүйесінен алуға болады, бірақ нәтижелерді қандай да бір құндық мәнде бағалау қиындық тудырады.

Тұрақты дамуды ұйымның белгілі бір күйі ретінде түсіндіруге болады, ол сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығының әсерінен белгілі бір уақыт аралығында бастапқы (немесе оған жақын, оң өзгерістермен) күйді сақтау және көбейту қабілетімен сипатталады.

Тұрақты даму стратегиясы компанияның инвестициялық тартымдылығына әсер етеді: портфельдік инвестор белгілі бір компанияның акциялар пакетін сатып алу туралы шешім қабылдай отырып, қаржылық емес тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдердің барлық спектрін бағалайды.

Бизнестің мүддесі үшін тұрақты тұтыну мен өндіріс модельдеріне көшудің жаңа шешімдерін табу. Өнімдер мен қызметтердің экологиялық және әлеуметтік әсерін түсінуді өнімнің өмірлік циклі тұрғысынан да, әр түрлі өмірлік жағдайларда тұтынылған кезде оның өзгеруі тұрғысынан жақсарту қажет. Бұл бағыттағы маңызды алғашқы қадам-бұл жүйенің экологиялық және әлеуметтік әсерін жақсарту үшін ең үлкен әлеуеті бар қосымша құн

тізбегіндегі «әлсіз байланыстарды» анықтау. Кәсіпкерлер сонымен қатар адамдарды тұрақты өмір сүруге шабыттандыратын және ынталандыратын, осылайша қоршаған ортаға әсерін азайтатын және олардың әл-ауқатын арттыратын шешімдерді әзірлеу үшін өздерінің инновациялық әлеуетін пайдалана алады.

Негізгі мақсатқа жету үшін бюджеттеудің басты міндеттері шешілуі керек:

- ағымдағы жоспарлауды қамтамасыз ету;
- кәсіпорын бөлімшелерінің үйлестіруін, кооперациясын және коммуникациясын қамтамасыз ету;
- кәсіпорын шығындарының негіздемесі;
- кәсіпорын жоспарларын бағалау және бақылау үшін база құру;
- заңнаманың және жасалған келісімшарттардың талаптарын орындау.

Тек осы міндеттердің барлығы өзара үйлесімді шешілген кезде барып агроөнеркәсіптегі ұйымдар бюджеттеу арқылы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Карпов А. Е. 100 % практического бюджетирования. Книга 6. Роль генерального директора в бюджетировании: учебник / А. Е. Карпов. – М.: Результат и качество, 2015. – 212 с. – ISBN 978-5-902580-18-8.
2. Donald, J. Supply Chain Logistics Management / J.Donald, D. J.Closs, M.B. Cooper, R. Bowersox . – New York: McGraw-Hill Education, 2019. – 480p .
3. Хруцкий, В. Е. Внутрифирменное бюджетирование. Теория и практика: учебник для вузов / В. Е. Хруцкий, Р. В. Хруцкий. – М.: Издательство «Юрай», 2024. – 572 с.
4. Panfilova, E. The impact of cost allocation on key decisions of supply chain participants / E. Panfilova, N.Dzenzeliuk, O. Domnina, N.Morgunova, E. Zatsarinnaya // International Journal of Supply Chain Management. – 2020.-N 9 (1). – P. 552–558.
5. Бессонова, Е.А. Стратегические ориентиры развития АПК: оценка компонентов ресурсного потенциала / Е.А. Бессонова, Н.Б. Черных, Н.В. Тарасова // Известия Юго-западного государственного университета. – 2019. – Т. 9. – №3 (32). – С. 116-126.
6. Alles, L., Jayathilaka, R., Kumari, N., ... Obeyesekera, H., Sharmila, S. An investigation of the usage of capital budgeting techniques by small and medium enterprises. Quality and Quantity, 2021, 55 (3), pp. 993–1006.
7. Осипов, С.А. Зеленое бюджетирование как новый инструмент устойчивого развития. Тенденции экономического развития в XXI веке [Электронный ресурс]. – 2022.- URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/280464/1/81-84.pdf>